

1993 жылғы үлгідегі банкнотаны және металл ақшаны (теңгені) ақша айналымынан алу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы 2001 жылғы 6 тамыз N 301. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылдың 22 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 1646. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Басқармасының 2013 жылғы 27 мамырдағы № 128 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 27.05.2013 № 128 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту: Қаулының атауына өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 25 шілдедегі N 70 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) .

Қазақстан Республикасының айналымдағы ұлттық валютасының ақша белгілерін ретке келтіру мақсатында және «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2011.04.29 № 38 (ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. 1993 жылғы үлгідегі банкнотаны және металл ақшаны (теңгені) ақша айналымынан алу ережесі (бұдан әрі - Ереже) бекітілсін және Ереже мен осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енгізілсін.

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 25 шілдедегі N 70 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) .

2. Қолма-қол ақшамен жұмыс жүргізу басқармасы (Мәжитов Д.М.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп белгіленген тәртіппен осы қаулыны және бекітілген Ережені Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) осы қаулы және Ереже Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілгеннен кейін Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс басқармасымен (Мартюшев Ю.А.) бірлесіп осы қаулыны және Ереженің заңды және жеке тұлғалардың мүдделеріне қатысты

тармақтарын республикалық газеттерде (мемлекеттік тілде және орыс тілінде) жарияласын;

3) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап жеті күн ішінде осы қаулыны және Ережені Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, филиалдарына, екінші деңгейдегі банктерге және Қазақстан Республикасының аумағында банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Е.Т.Жанкелдинге жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Ұ л т т ы қ Б а н к і Б а с қ а р м а с ы н ы ң
2 0 0 1 ж ы л ғ ы 6 т а м ы з д а ғ ы
N 301 қаулысымен бекітілген

1993 жылғы үлгідегі банкнотаны және металл ақшаны (теңгені) ақша айналымынан алу ЕРЕЖЕСІ

Ескерту: Ереженің атауына өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 25 шілдедегі N 70 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) .

1-тарау. Жалпы ережелер

1. 1993 жылғы үлгідегі банкнотаны және металл ақшаны (теңгені) ақша айналымынан алу ережесі (бұдан әрі – Ереже) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2011.04.29 № 38 (ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Ереже 1993 жылғы үлгідегі банкнотаны және металл ақшаны (теңгені), 1993 жылғы үлгідегі банкнотаны және ескерткіш және мерейтойлық металл ақшадан басқасын ақша айналымынан алу, қабылдау және ақша белгілерінің басқа түрлеріне айырбастау тәртібін айқындайды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - Ұлттық Банк)

филиалдары, екінші деңгейдегі банктер және Қазақстан Республикасының аумағында банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (бұдан әрі - екінші деңгейдегі банктер) Ереженің нормаларын орындауға міндетті .

Ескерту: 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 25 шілдедегі N 70 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) .

3. Ережеде мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) 1993 жылғы үлгідегі металл ақша (теңге) - құны 1, 3, 5, 10, 20 теңгелік 1993 жылғы үлгідегі ақша белгілері, айналымда жүрген ескерткіш және мерейтойлық металл ақшадан (теңгеден) басқасы;

1-2) 1993 жылғы үлгідегі банкноталар (теңге) - номиналы 1, 3, 5, 10, 20, 50, 100 теңге 1993 жылғы үлгідегі ақша белгілері;

2) қолма-қол ақшамен жұмыс жүргізу бөлімшесі - Ұлттық Банктің орталық аппаратының қолма-қол ақшамен жұмыс жүргізу бөлімшесі;

3) Ұлттық Банктің филиалдары - Ұлттық Банктің аумақтық филиалдары мен Кассалық операциялар және құндылықтарды сақтау орталығы (филиалы).

Ескерту: 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 25 шілдедегі N 70 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) .

2-тарау. 1993 жылғы үлгідегі банкнотаны және металл ақшаны (теңгені) ақша айналымынан алу тәртібі

Ескерту: 2-тараудың атауына өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 25 шілдедегі N 70 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) .

4. 1993 жылғы үлгідегі банкнотаны және металл ақшаны (теңгені) айналымнан алу туралы шешім Ұлттық Банк Басқармасының қаулысымен (бұдан әрі - Басқарманың қаулысы) қабылданады.

Ескерту: 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 25 шілдедегі N 70 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) .

5. Ұлттық Банк Басқармасының қаулысымен белгіленген 1993 жылғы үлгідегі банкнота және металл ақша (теңге) айналымнан алынатын күннен бастап 1993 жылғы үлгідегі банкнота және металл ақша (теңге) Ережеде белгіленген тәртіппен айналымда жүрген ақша белгілерінің басқа түрлеріне айырбастау үшін, банктік есепшотқа есептеу үшін тек қана Ұлттық Банктің филиалдары мен екінші деңгейдегі банктер қабылдайды .

Ескерту: 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 25 шілдедегі N 70 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) .

6. Екінші деңгейдегі банктер:

1) операциялық кассалардан 1993 жылғы үлгідегі банкнотаны және металл ақшаны (теңгені) заңды және жеке тұлғаларға беруді тоқтатуға;

2) Ұлттық Банк Басқармасының қаулысымен бекітілген 1993 жылғы үлгідегі банкнотаны және металл ақшаны (теңгені) қабылдау және айырбастау мерзімі ішінде екінші деңгейдегі банктердің заңды және жеке тұлғалардан 1993 жылғы үлгідегі банкнотаны және металл ақшаны (теңгені) банктік есепшотқа есептеу үшін не айналымда жүрген ақша белгілерінің басқа түрлеріне ешқандай шектеусіз айырбастау үшін операциялық кассаға кедергісіз қабылдауын қамтамасыз етуге ;

3) операциялық кассадағы 1993 жылғы үлгідегі банкнота және металл ақша (теңге) қалдықтарын Ұлттық Банктің филиалдарына өткізуге;

4) Ұлттық Банк Басқармасының қаулысымен белгіленген мерзім өткеннен кейін 5 (бес) банктік күн ішінде операциялық кассадағы 1993 жылғы үлгідегі банкнотаның және металл ақшаның (теңгенің) қалғанын Ұлттық Банктің филиалдарына өткізуге міндетті.

Ескерту: 6-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 25 шілдедегі N 70 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) .

7. 1993 жылғы үлгідегі банкнотаны және металл ақшаны (теңгені) қабылдау және айырбастау үшін Ұлттық Банк Басқармасының қаулысымен бекітілген мерзім өткеннен кейін екінші деңгейдегі банктердің заңды және жеке тұлғалардан 1993 жылғы үлгідегі банкнотаны және металл ақшаны (теңгені) қабылдауға құқы жоқ .

Ескерту: 7-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 25 шілдедегі N 70 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) .

8. Ұлттық Банктің филиалдары:

1) екінші деңгейдегі банктерге, заңды және жеке тұлғаларға айналым кассасынан 1993 жылғы үлгідегі банкнотаны және металл ақшаны (теңгені) беруді тоқтатады ;

2) 1993 жылғы үлгідегі банкнотаны және металл ақшаны (теңгені) екінші деңгейдегі банктерден және Ұлттық Банкте банктік есепшоты бар заңды тұлғалардан айналым кассасына шектеусіз қабылдайды, бұдан кейін эмиссиялық-кассалық операцияларды жүргізу және құндылықтардың сақталуын қамтамасыз ету тәртібін реттейтін Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық

кесімдеріне сәйкес екінші деңгейдегі банктердің тиісті банктік есепшоттарына қолма-қол жасалмайтын төлем баламасымен аударады;

3) екінші деңгейдегі банктер 1993 жылғы үлгідегі банкнотаны және металл ақшаны (теңгені) қабылдау және айырбастау үшін Ұлттық Банк Басқармасының қаулысымен бекітілген мерзім өткеннен кейін 5 (бес) жыл бойы заңды және жеке тұлғалардан 1993 жылғы үлгідегі банкнотаны және металл ақшаны (теңгені) қабылдайды және олардың түпнұсқалығы анықталғаннан кейін айналымда жүрген ақша белгілерінің басқа түрлеріне ешқандай шектеусіз айырбастайды.

Ескерту: 8-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 25 шілдедегі N 70 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) .

3-тарау. Ұлттық Банк филиалдарының ақша айналымынан алынған 1993 жылғы үлгідегі металл ақшаны (теңгені) есепке алу тәртібі

Ескерту: 3-тарау (9-11-тармақтар) алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 25 шілдедегі N 70 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) .

4-тарау. 1993 жылғы үлгідегі банкнотаны және металл ақшаны (теңгені) ақша айналымынан алу қорытындысын шығару тәртібі

Ескерту: 4-тараудың атауына өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 25 шілдедегі N 70 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) .

1 2 . < * >

Ескерту. 12-тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2011.04.29 № 38 (ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

13. Ұлттық Банк 1993 жылғы үлгідегі банкнотаның және металл ақшаның (теңгенің) ақша айналымынан алынуына қарай оны Ұлттық Банктің тиісті нормативтік құқықтық кесімдері негізінде жоятын болады.

Ескерту: 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 25 шілдедегі N 70 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) .

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК